Газет 1952 жылдан бастап шығады

ТЕКЕЛІ тынысы

Қалалық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық газет

№14 (3745)

4 сәуір 2025 жыл, жұма
4 апреля 2025 года, пятница

▸ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақ-өзбек серіктестігі

Мемлекет басшысының Алматыдағы резиденциясында Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің бейресми кездесуі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, мұндай бейресми кездесулер жақсы дәстүрге айналғанын айтты.

– Бұл – бауырлас, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмысты іскерлік сипатта тағы бір талқылауға орайлы сәт. Біз – одақтас елдерміз. Екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бауырлас халықтарды жақындастыруға, аймақтың орнықты және қауіпсіз дамуындағы ортақ мақсаттарды ілгерілетуге Шавкат Мирзиёевтің зор үлес қосқанын атап өтті.

– Қазақстандықтар Сізді жақсы таниды және аса құрметтейді. Сіздің мықты әрі абыройлы көшбасшылығыңыздың арқасында Өзбекстан қарқынды дамып келеді. Өткен жылы өзбек экономикасының өсімі 6 пайыздан асқанын білеміз. Экономиканың барлық секторындағы мақсатты көрсеткіштер жоспарға сай атқарылып жатыр. Өзбекстан неғұрлым табысты дамыған сайын, біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық та соғұрлым сапалы болады. Сондықтан бүгінгі кездесуде нақты мәселелер бойынша пікір алмасамыз деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті екіжақты байланыстарды нығайтуды көздейтін бүгінгі кездесудің маңызына тоқталды.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

akorda.kz

▸ НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ – 100

Өнер саңлағына құрмет

Талдықорғанда қазақ музыкасының сайыпқыраны, әйгілі күйші, композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған еске алу шарасы өтті. Н.Тілендиев атындағы музыка мектебінің алдында өнер саңлағының ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, оның музыкалық шығармалары орындалды.

Суретті түсірген: Дмитрий Ерофеев

Облыс басшылығының атынан еске алуға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов көпшілікті мерейтоймен құттықтап, ЮНЕСКО 2025 жылды Нұрғиса Тілендиев жылы деп жариялағанын, сондықтан бұл мерейтойдың дүниежүзілік мәнге ие болғанын атап өтті:

– Бүгін Талдықорғанда Н.Тілендиев атындағы балалар музыка мектебінің ауласында, ескерткіш алдында мәдениет майталманының рухына бас иіп, ғасырлық тойын бастауымыздың өзінде үлкен мән жатыр. Осы мектептің жас өрендері ұрпақтар сабақтастығын үзбей, Нұрғиса аталарының жолын жаңа заманға сай лайықты жалғайды деп сенеміз. Облыс орталығынан басталған мерейтойлық осындай тағылымды іс-шаралар өңірдің барлық аудан-қалаларында жыл бойы жалғасады, – деді Д. Есдәулетов.

Ескерткіштің маңында Талдықорған балалар көркем сурет мектебі оқушыларының сурет салу пленэрі ұйымдастырылып, жас суретшілер дәулескер күйші-композитордың бейнесін қағаз бетіне түсірді. Сонымен қатар Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының «Жетісу виртуозы» ансамблі шағын концерт қойып, Н.Тілендиевтің шығармаларын орындады.

Б.Римова атындағы драма театрында Дәнеш Рақышев атындағы филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі жүз жылдық мерейтойға орай «Өз елім» атты концерт өткізді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

▸ ӨҢІР ҚУАТЫ

Өндірістің жаңа тынысы

Суретті түсірген: Жеңіс Ысқабай

Талдықорғанда автоклавты қатайтатын газбетонды блоктар өндірісі қолға алынады, сол сияқты өнеркәсіп аккумуляторларын шығаратын жаңа зауыт іске қосылады. Бұл жобалар жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылады. Қала кәсіпорындарын аралау кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев осы және басқа да нысандардың құрылысы мен іске қосу-жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Алдымен «Қайнар-АКБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа зауытта болды. Қазіргі кезде кәсіпорында жабдықтарды монтаждау жүргізілуде, мұнан кейін іске қосу жұмыстары басталады. Кәсіпорынды биылғы II тоқсанның ортасында іске қосу жоспарланса, толық қуатына келесі жылы шығады деп межеленіп отыр.

Кәсіпорынның бас директоры Ербол Әжмағамбетовтің айтуынша, бірінші кезең іске қосылғаннан кейін зауыттың қуаттылығы жылына 100 мың өнеркәсіптік аккумулятор шығаруға жетеді. Қазір 150 тұрақты жұмыс орны құрылған, келешекте жұмыс орындарының санын 300-ге дейін ұлғайтпақ. Бүгінгі күні 10 млрд. теңге инвестиция тартылды және кәсіпкер мұнымен шектеліп қалмайтынын айтады. Кәсіпорын экспортқа бағдарланған. Сондықтан өнімдер тек отандық нарыққа ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз, Әзірбайжан, Ресейге де жеткізілмекші. Толық қуатына шыққан кезде зауытта жылына 200 мыңнан астам өнеркәсіп аккумуляторы өндіріледі.

Жақын арада облыс орталығында тағы бір жаңа зауыт жұмысын бастайды. Бұл – «Талдықорған» индустриялық аймағының аумағында автоклавты қатайтатын газбетон блоктарын шығаратын кәсіпорын. Өндірістік қуаты – жылына 150 мың м^3. Мамырдың аяғы мен маусымның басында іске қосылады деп жоспарланған.

– Қараусыз қалған ғимаратты жеке қаражатымызға сатып алып, тиісті реконструкция жүргіздік, қазір қажетті жабдықтар орнатылуда. Өңірде кірпіштің осы түрлерін өндіретін кәсіпорын жоқ. Біз жергілікті шикізатты қолданамыз. Негізінен дайын өнімді облыс аумағында сатамыз деп жоспарлап отырмыз. Бұл жобаға өз қаражатымыздан шамамен 3 млрд. теңге инвестиция салдық. Болашақта мемлекет тарапынан қолдау болса, құрылысқа қажетті құрғақ қоспалар мен эмульсия шығаратын зауыт ашу жоспары бар, – деді өндірісті дамытудың жоспарларымен таныстырған «Стальбетон» ЖШС коммерциялық директоры Динара Орынбасар.

Облыс әкімі атап өткендей, мемлекет тарапынан тиісті көмек ретінде зауыт ғимаратына дейін инженерлік инфрақұрылымды жүргізу мәселесінде қолдау көрсетілетін болады. Сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының бірін, соның ішінде жеңілдетілген несиелеуді пайдалану мүмкіндігі бар.

Бейбіт Исабаев кәсіпорындарды аралау барысында электр қуаты 84 МВт және жылу қуаты 59 Гкал/сағ болатын «Басқуат» қазандығы базасында бугаз станциясын салу жобасының іске асырылуымен танысты. Бұл стратегиялық маңызды жоба Талдықорған қаласы тұрақты өсіп келе жатқандықтан, қаладағы жылу мен электр энергияларын толықтыруға бағытталған. Мысалы, биылдың өзінде қалада көпқабатты 27 үй салынады.

«Басқуат Энергопром» ЖШС бас директоры Арман Отарбаевтың айтуынша, жоба бірнеше кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезең 35 МВт электр қуатына және 26 Гкал/сағ жылу қуатына есептелген. Бұл ретте II кезеңді 2027 жылдың қаңтар айының басында аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ газбен жабдықтауға және «Басқуат» қазандығының жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар берілді. Жылу трассасын төсеу жұмыстары бір айдан кейін басталып, қараша айының басында аяқталады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
БУРАБАЙ, 2025 жыл

14 марта в Бурабае состоялось IV заседание Национального курултая с участием Главы государства Касым-Жомарта Токаева. Глава государства затронул широкий спектр актуальных вопросов, но особое внимание уделил развитию регионов, налоговой реформе и формированию новой идеологии, которые станут драйверами развития страны.

Сильная страна во всем

С моей точки зрения, девиз «Сильные регионы – сильная страна», который подчеркнул Касым-Жомарт Токаев, актуален как никогда. На сегодняшний день лишь три региона страны являются донорами бюджета, в то время как остальные не могут самостоятельно развиваться без субвенций из центра. Каждый регион Казахстана обладает уникальным потенциалом – человеческим, ресурсным, экономическим. Для сокращения разрывов в региональном развитии необходимо определить регионы, отстающие по инфраструктуре, социальному обеспечению и экологическим показателям, и сфокусировать усилия на устранении этих диспропорций. Именно поэтому инициатива Президента по разработке Концепции регионального развития абсолютно своевременна.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что ключевую роль в развитии регионов сыграют крупные инфраструктурные проекты, среди которых строительство новых дорог, аэропортов, промышленных объектов и энергетических мощностей.

Одним из ключевых направлений в речи Президента было воспитание патриотичного и созидательного поколения.

Он призвал граждан отказаться от исторических обид и бесплодного критиканства, сосредоточившись на созидательной работе, а также подчеркнул важность программы «Адал азамат» для воспитания молодежи и разработки Концепции. Я полностью согласен с Главой государства: взращивание в молодежи комплекса жертвы тормозит развитие стремления к созиданию. Без духовной силы, гордости за труд и подвиги наших предков, а также без преодоления навязанного постколониального синдрома молодежь не сможет стремиться к светлому будущему, уважению друг к другу и укреплению межнационального единства.

Алияр ЖУМАГАЛИЕВ,
директор ШПНО УЦА,
член общественного совета г.Текели

Молодежь – наше будущее

14 марта Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев высоко оценил роль Национального курултая в обновлении общества. Глава государства считает, что важно «доносить до людей принципы государственной политики. Мы должны быть примером для всех. Следует продвигать талантливых и способных граждан, прежде всего, из числа молодежи».

Глава государства призвал молодежь стремиться к инновациям, сохраняя при этом национальную идентичность. Кроме того, Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность инвестиций в образование. Колледжи играют ключевую роль в формировании профессиональных навыков и подготовке студентов к успешной карьере в различных сферах.

Помимо теоретического обучения, они предоставляют возможности для практического опыта, что позволяет студентам приобретать умения и навыки, необходимые для вхождения в профессиональную среду.

Президент сказал: «Чтобы вырастить прогрессивное поколение, образование и воспитание детей должны всегда идти вместе». Он говорил о программе «Біртұтас тәрбие» – ключевые ценности, определяющие образ нации. Так же Президент подчеркнул, что к 40-летию Независимости Казахстан должен добиться прогресса в цифровизации и искусственном интеллекте.

Президент отметил, что главная цель – строительство Справедливого Казахстана, государства равных возможностей для всех и каждого.

«В своем интервью газете «Ана тілі» я определил ряд новых задач на ближайшую перспективу. Главная цель – строительство Справедливого Казахстана, государства равных возможностей для всех и каждого. Эта задача по силам ответственным гражданам. Ведь именно ответственный гражданин – Адал азамат – живет по принципам, которые неразрывно связаны с гуманистическими идеями ислама. Ислам – неотъемлемая часть мировоззрения и образа жизни казахского народа. Эта религия глубоко переплетена с обычаями и традициями наших предков. Эти две важнейшие ценности – вера и традиции – являются незыблемой основой нашей национальной идентичности», – отметил Касым-Жомарт Токаев.

Динара ЧАБЕКОВА,
педагог-логопед СШ №6

► ПОРУЧЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА

Работа по газификации

До образования области Жетісу было газифицировано всего 5 населенных пунктов. Таким образом, на сегодня в регионе газифицировано 84 населенных пункта, из них 21 получили доступ к газу с начала этого года.

Согласно поручению Президента страны газификация является одним из основных направлений работы руководства области. Так, к концу 2025 года будут газифицированы все 126 населенных пунктов от Кербулакского района до Талдыкоргана, включая Панфиловский район. В результате доступ к газу получат свыше 500 тыс. жителей или 71,4% всего населения.

Как отмечают местные жители, приход голубого топлива значительно улучшил уровень жизни населения:

– *С 2023 года в наше село начал приходить газ. Узнав об этом, мы построили для своей семьи новый дом, потому что уже не надо будет топить печь, делать заготовку угля, дров. Теперь в нашем доме есть и вода, и газ. Тепло, уютно, комфортно. Очень радует, что государство создает условия для сельского населения,* – сказал житель села Алдабергенов Коксуского района Кудайберген Махметов.

Стоит также отметить, что в августе 2024 году в регионе начато строительство магистрального газопровода «Талдыкорган-Ушарал». Реализация данного проекта позволит обеспечить газом 66 населенных пунктов Алакольского, Аксуского и Сарканского районов. Строительство будет завершено осенью.

Кроме того, для дополнительного обеспечения региона природным газом ведется подготовительная работа по проекту строительства лупинга (второй нитки) магистрального газопровода «Алматы – Талдыкорган».

К слову, в регионе в сфере работ по газификации создано порядка 1800 постоянных и временных рабочих мест.

Что касается вопроса стоимости подключения к газу, то благодаря принятым по поручению акима области мерам в регионе была создана конкурентная среда, и цена подключения от газопровода до точки в доме (до 25 метров) была снижена до 170-175 тыс. тенге без учета стоимости котла и комплектующих. Между тем за последние 1,5 года из бюджета было выделено 500 млн. тенге на приобретение 1600 газовых котлов для населения. При этом жителям не нужно оплачивать их стоимость сразу, так как предусмотрена рассрочка на 10 месяцев.

В целом к 2028 году будут газифицированы все 192 населенных пункта области Жетісу, подлежащих газификации. Благодаря чему доступ к газу получат свыше 624 тыс. жителей или 91% всего населения региона.

Таким образом, акимат региона продолжит работу по газификации с целью повышения качества жизни населения области Жетісу.

Пресс-служба акима области Жетісу
Фотографии из архива пресс-службы акима области

► ИНФРАСТРУКТУРА

Реализуются проекты

С 2022 года подрядной организацией ТОО «Әлия Сервис» на территории города Текели реализуется проект «Строительство подводящего газопровода и газораспределительных сетей». Заказчиком данного проекта является государственное учреждение «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства области Жетісу».

Также с 2021 года подрядная организация ТОО «Риголит» ведет работу по реконструкции внутриквартальных тепловых сетей микрорайона «Алатау». После завершения вышеуказанных работ, данные подрядные организации приступят к восстановительным работам и благоустройству. В связи с реконструкцией тепловых, водопроводных сетей, строительством газопровода, в 2024 году были проведены работы только по текущему ремонту дорог.

Вместе с тем, в текущем году на территории города планируется реализация проектов по реконструкции канализационных и водопроводных сетей. На 2025 год запланирована реализация нескольких проектов, таких как: капитальный ремонт ул. Конаева от въезда в город до моста ул. Гагарина, протяженностью 6 км. Средний ремонт дорог: участок ул. Конаева от ул. Гагарина до ул. Кошевого, протяженностью – 12 км и промышленной зоны по ул. Конаева от СТО «ПИТ СТОП» до улицы Шевченко протяженность 1,2 км.

Ринат ДЖЫЛКЫБАЕВ,
и.о.руководителя ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Текели»

Таза Қазақстан
ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ АКЦИЯ

Озеленение территории

28 марта на территории физкультурно-оздоровительного комплекса депутаты городского маслихата высадили 11 саженцев плодовых деревьев.

Высадка таких деревьев не только значительно улучшает эстетический облик физкультурно-оздоровительного комплекса, но и создает комфортные зеленые зоны, уменьшающие уровень загрязнения воздуха от автомобильного транспорта и способствующие улучшению экологической обстановки.

Кроме того, на территории города на постоянной основе проходят общегородские субботники, где проводятся санитарно-уборочные работы в общественных местах, парках, на площадях и в районах жилых домов. Участие в общегородском субботнике принимают сотрудники государственных организаций, предприятий, а также местные жители. Также сотрудниками ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Текели» были проведены разъяснительные беседы с населением города о соблюдении чистоты прилегающих территорий в многоквартирных и частных жилых домах.

Страницу подготовила Виктория ПАСТАРНАК

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
БУРАБАЙ, 2025 жыл

«Адал азамат» – біртұтас тәрбие

Ел ертеңі, ұрпақ болашағы үшін алаңдайтын, ұлт мүддесі үшін жанын салып жұмыс істейтін қазақстандықтар Ұлттық құрылтай жиыны жай ғана басқосу емес, іргелі жобалардың, ілкімді істердің бастауы екенін ұқты. Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында ел тағдырына қатысты қадау-қадау мәселелер көтеріліп, ұтқыр ұсыныстар айтылды.

Мемлекет басшысы дамудың сан саласындағы түйткілдерді таразылап, әділетті, қауіпсіз, таза, қуатты Қазақстанды құру идеясы төңірегінде топтасып, кез келген мәселені тиімді шеше алатын әлеуеті мықты ел болуымыз керектігін алға тартты. Ұрпақ қамын бірінші орынға қоятын ана әрі ұстаз ретінде ел Президентінің адам және оның жасампаздық әлеуеті біздің күшіміз екенін айтып, білімді, еңбекқор әрі мақсатшыл азаматтар ғана елімізді табысқа жеткізетініне айрықша көңіл бөлгені көкейге қонғанын айтқым келеді. Иә, біздің елімізде дүние есігін ашқан әр сәби ер жетіп, білім алып, өмірден өз орнын табуы үшін мемлекет қолдауына ие екенін біледі. Соның қатарында «Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» бағдарламалары, тегін орта білім, колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алуға бөлінетін гранттар бар. Ата-ананың мейіріміне шомылып, ұстаздардың тәлімін алып, мемлекеттің қолдауын сезініп өскен азамат отаншыл, адал, еңбекқор болары анық.

Бүгінгі таңда жас буынның тәрбиесіне барынша көңіл бөлу, жат қылықтардан, теріс жолдан сақтандыру мәселесі өзекті болып отыр. Былтырдан бастап мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынып, бірқатар жұмыстың жемісті нәтижесін бағамдадық. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін», – деді. Діттеген межеге жетіп, елжанды азаматтарымыздың ел мүддесі үшін адал еңбек етіп, мерейлері тасыған күнді бірге көрейік.

Эльмира ИМАНБЕРДИЕВА,
Текелі қалалық
Аналар кеңесінің төрағасы

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

2 сәуірде Текелі кәсіптік колледжінде Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасының Жетісу облысы және Текелі қалалық филиалының мұрындық болуымен «Мен және менің тәжірибелік тәлімгерім» байқауы өтті.

Тәлімгерлік тәжірибесі

Дуалды білім беру жүйесінде тәжірибе қалыптастырған оқу орны әлеуметтік серіктес кәсіпорындардағы тәлімгерлермен өте тығыз байланыс орнатқан. Тәлімгерлік институтын дамытуға бағытталған іс-шара басында кәсіптік колледж директоры Еламан Бердіқожа байқауға тәлімгерлердің қатысуын қамтамасыз еткен әлеуметтік серіктес кәсіпорындарға және демеушілік көрсеткен Кәсіпкерлік палата өкілдеріне алғыс білдірді.

Текелі кәсіптік колледжі студенттерінің өндірістік тәжірибеден өту барысында кәсіпорындардан бекітілген тәлімгерлерінен үйреніп-білгендерін, жетістіктерін қағаз жүзіндегі есеппен ғана шектемей, көпшілік алдында паш етуге мүмкіндік туды. Байқауға студент және тәлімгерден тұратын 8 топ қатысты. Атап айтсақ, Артем Леонтьевтің тәлімгері кәсіптік колледж түлегі, «Pit Stop» ТҚКС автомобиль жөндеу шебері Денис Корнев, Кирилл Мартьяновтің тәлімгері балалар мен жасөспірімдердің туристік және өлкетану орталығының педагогі Тілеубек Секман, Ділназ Елібаеваның тәлімгері «Текелийский энергокомплекс» ЖШС маманы Анна Мартыненко, Анастасия Грачеваның тәлімгері «Ньяла» кешенінің бас аспазы Владимир Веселкин, Абылайхан Дәулетбаевтың тәлімгері «Grindstone» ЖШС дәнекерлеушісі Ерболат Иенбергенов, Софья Тыщенконың тәлімгері «Алтын Чажа» шипажайының әкімшісі Нина Авраменко, Алексей Бровичевтің тәлімгері №6 ОМ информатика пәнінің мұғалімі Мадина Ахметова, Антон Колесниковтің тәлімгері электромонтер Александр Кудинов.

Алдымен қатысушылар өз топтарымен, кәсіптік ерекшеліктерімен, өндірістік тәжірибе барысындағы бастамаларымен таныстырды. Екінші кезеңде тәжірибе жинақтаушы мен тәлімгердің бір-бірін қаншалықты жақын білетіні анықталды. Қатысушылардың әрқайсысы өзі және серігі туралы сұрақтарға жазбаша жауап беріп, жауаптардың сәйкестігі бағаланды. Байқаудың үшінші кезеңінде өндірістегі жұмыс барысында туындаған мәселені оңтайлы шешу студентке жүктелсе, оның дұрыс-бұрысын тәлімгері айтты. Келесі кезеңде әр топ пластик түтіктерден биік мұнара тұрғызып, инженерлік дағдыларын сынады. Соңғы кезеңде қатысушылар әр саладағы сұрақтарға жауап беріп, білімдерін көрсетті.

Қазылар алқасының шешімімен жүзден жүйрік шыққан Анастасия Грачева мен тәлімгері Владимир Веселкин жеңімпаз атанды. Жүлдегерлер диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жұмысшы мамандығының мәртебесі артқан байқауда белгілі бір кәсіп иесі болуды таңдаған жастар өндірістік тәжірибе кезінде тәлімгерден тәлім алудың маңызын ұғына түсті.

қарызсыз қоғам
әлеуметтік жоба

Қарызсыз өмір сүр!

Жалпы халыққа, әсіресе, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға қаржылық тәуелсіздікке жету жолын нұсқаған «Қарызсыз қоғам» жобасы биыл да жалғасын тауып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға септігін тигізуде.

Жоба азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешекті реттеуге жәрдемдесуге бағытталған. Мәліметтерге сүйенсек, былтыр 7 мыңнан астам жетісулық азаматқа кәсіби мамандар қаржылық білім берді. Олардың қатарында зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер, курсанттар және басқа да әлеуметтік топ өкілдері бар. Қаржылық сауаттылыққа оқыту биыл да қолға алынды. Оқу онлайн және офлайн түрде өтеді. Оған 90 күннен астам қарызы бар тұрғындар қамтылып, оларға қаржылық сауаттылық бойынша бағыт-бағдар беріледі. Заңгерлер аресттен алып тастау, қарызды қайта құрылымдау, сотқа дейінгі және сот банкроттығы, төлем қабілеттігін қалпына келтіру және алаяқтық туралы мәселелер бойынша тегін кеңес береді. Оқу барысында қаржыны дұрыс басқару, бюджетті жоспарлау, шығындарды бақылау, қарыздарды өтеу және қосымша табыс көздерін табу мүмкіндіктерін үйренуге болады. Қатысушылар үшін қаржылық аспектілерді жақсы түсінуге көмектесетін семинар, тренингтер және жеке кеңестер өткізіледі. Сонымен қатар күндізгі форматтағы оқытудан бөлек, кез келген адам qogamfin.kz онлайн-платформасын пайдалана алады.

«Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша текеліліктер және Рудничный ауылының тұрғындары қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен немесе «AMANAT» партиясының қалалық филиалынан толық ақпарат алып, арнаулы курсқа жазыла алады.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ

28 наурызда Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназиясының базасында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай 11-сынып оқушылары арасында «Сардар» облыстық кешенді олимпиадасы өтті.

«Сардар» сыны

Өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу және олардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру мақсатындағы олимпиада үш кезеңнен тұрды. Әр аудан, қаладан іріктеуден өткен 3 ұл қатысты. Теориялық кезеңде қатысушылар математика, физика, орыс тілі, қазақ тілі және алғашқы әскери дайындық пәндерінен тест тапсырды. Практикалық кезеңде АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу және жинаудан, саптық дайындықтан нормативтер орындады. Ал дене дайындығын анықтау кезеңінде 3 мың метрге жүгіру, кермеге тартылу және 100 метрге жүгіру сындарынан өтті.

Текелі қаласынан қатысқан Қайрат Рамазан мен Құрманғазы Мұраттың шәкірттері жақсы нәтиже көрсетті. Практикалық кезеңнен №5 орта мектебінің оқушысы Алинұр Қуаныш 1-орын, №8 орта мектебінің оқушысы Жасұлан Моминов 2-орын иеленді. Ал жалпы есепте №5 орта мектебінің түлегі Батыржан Еркінұлы 3-орынға қол жеткізіп, республикалық «Сардар» кешенді олимпиадасына қатысуға жолдама алды.

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

► БАҚТЫБАЙ ЖОЛБАРЫСҰЛЫ – 190

Жетісу өңіріндегі атақты ақындардың бірі, өлеңнің өрен жүйрігі Бақтыбай Жолбарысұлы 1835 жылы Текелі аңғарында дүниеге келген. Төле бидің қызы Ұланбике мен Жанғабыл бидің ұлы Жылкелдінің кіндігінен Ескелді би мен Естай тараған. Ал Бақтыбай Естайдың ұрпағы Аңламастан туған Жолбарыстың ұлы. XIX ғасырдың екінші жартысында айтыс ақындарының «алмас қылышы, наркескені» атанған Бақтыбай Жолбарысұлының өскен ортасы мен өмір жолы, ақындығы хақында сыр шертетін жазушылар Тұрсын Әбдуәлиев пен Сәбит Биболовтың «Бақтыбай ақын» романының орны бөлек. Бақтыбай ақын туралы жан-жақты білгісі келетін жан осы романды оқуы керек. Кітапты қалалық кітапханадан табуға болады. Дүлдүл ақынның 190 жылдық мерейтойына орай қос қаламгердің туындысынан газет бетінде үзінді жариялап тұруды жөн көрдік.

Тұрсын ӘБДУӘЛИЕВ,
Сәбит БИБОЛОВ

Бақтыбай ақын

Жылқы жылы тұяғын төсеп өтті. Қыс қатты болды. Текелі аңғарының қос қапталын ат тізесінен асқан қалың қар бүркеп, апта бойы аңыраған үскірік қайрап, қасаттанып жатып алды. Алдыңғы жылдарда Қора жақтағы түстік беткейдің алашарбыланып жататын жайылымға жайылып қоңын бермей шығатын мал жануар тепсіндеп отау орнындай алаңқай қалмай отығу түгіл күйіс қайыруға талғажу таппай қыс ортасы ауа жұтай бастаған. Наурыз туа төлдеген ұрғашы мал көкектің ортасында ойсырап, мамырға жетпей қаусаған ақсүйекке айналған. Осындай жылқы жылының жұтын басынан кешкен Сиыршы руының рухы жүдеп, «апырым Аллалап», өздерінің аман қалғандарына тәубалап тағдыр кешкен. Аңламас қарт өзінің өзегінен өрген үш ұлдың кенжесі – Үденін бақилыққа ұзатып салып, қос ұлы Аю мен Жолбарысына амандық тілеп, тірліктің таспиығын тартып қала берді.

Күн жылынып, ағыл-тегіл еріген қар күнгей беткейден ойып ішкі қабырғасына тас қалап салған қатарлас үйлердің о жақ, бұ жағынан сарқырай ағып, желке тұстан тамшылап, қора-қопсының да ішіне іркіліп көлки бастаған соң Аю мен Жолбарысты ауылдас ағайындары кетпен-күрек ұстатып, қыстаудың беткей сыртын орағыта суағар арық қаздырып, аман алып қалды. Мұндайда құдайлық беріп, құлшылық ететін ата дәстүрмен ауыл-аймақтың дұғасын қанағат тұтқан. Ел тараған соң, үлкен келіні Жанбикеге аталық ниетін білдірген:

– Шырағым, енең марқұмның «ұзын сарыға» сақтайтын сарқыты болушы еді.

– Бар ғой, ата. Соғымның соңы әлі әжептәуір. Құдай мына қыстың қыспаққа аларын аңғартқандай, сойған соғымдарымыз шүйгін шыққанын айтсаңызшы.

– Құдай-ау, келініңіздің құрсағынан шыққан үш немереңіз бен кенжеңіз Үденнен үміт үзіп, азын-аулақ қыл құйрықтыдан құрық сүйретіп отырғанымыз мынау. Біздің бүгінгі бір тойғанымыз кемтігімізді толтырар дейсіз бе? – деп, үлкен ұлы Аю күңкілдеп теріс қарады.

– Қой, балам, «Жұт болмай, құт қонбайды» деген бабаларымыз. Қаратүнек түннен кейін жарқыраған таң атпай тұрмайды. Шешең марқұм Алланың әмірімен мәңгілік мекенін тапты. Менің де пешенеме жазылған тағдырым таусылмас дейсің бе? Ертең-ақ әкеңе ел жиналып, иман тілеп жатпасын қайдан білесің? «Үмітсіз – шайтан» деген бұрынғылар. Бүгін басымызды қосып, анаңның сақтаған сарқытынан шүйіркелесіп отырып дәм таталық. Астан кейін дастархан жиналып, Жанымбике ыдыс-аяғын жууға ыңғайлана берген. Атасының баяу жөткірінгенін естіп, айтары барын аңғарып, мойын бұрған. Түйсігімен түсінгені алдамапты. Атасы ұлдарына бір-бір қарап алып, ойын арыдан қозғады.

– Балаларым, талай естігенбіз демеңдер. Біздің тегіміз алты Алашқа аты мәлім – Төле би мен Жанғабыл биден басталады. Естай әкем мен Ескелді атам Ұланбике әжем мен Жылкелді атамның балалары. Сол әулие бабаларымыздың кіндігінен жаралған жарықтықтарымыз. Ескелді атамызды ел таныған, киесіне сыйынбас кісі қалмас кейінде. Ал, әкем Естайдан қалған біздің соңымыздан атағы алты Алашқа жайылған ақын шығар деген Төле би бабамыздың әулиелік болжамы онша алыс емес екеніне сенемін. Біздің ұрпағымыз сонымен сарқылар. Ал, Есекемнің кейінгі әулетінен әлемге әйгілі оқымысты ұрпақ өмірге келер...

– Әке, алжыған ның айғағын айтқандай әуеніңізге тағы бастыңыз ба? Жанбике екеуміздің одан үміт үзгенімізді білесіз ғой.

– Е, Жолбарысым бар, келінім – Шәукенің құрсағына да Құдай Тағала бір нәрсе берер-ау. Менің өткен таңсәріде көрген түсім бекер емес. Таңғы намаздан кейін қисайғанымда көзім ілініп кеткен екен. Ақ кебенек киген ақсақалды қарт «біссіміллә» деп басыма тақия кигізді де, ғайып болды.

– О, далбасаны мият тұтқан алжыған әкем-ай! «Түс – түлкінің боғы» демеуші ме еді. Жә, Жолбарыс, жүр, далаға шығып, ана уақжаңа шөп салайық. Бірімізді – Аю, бірімізді – Жолбарыс деп атағанда елдің алдына шыққанымыз кәне. «Қазақ ырым етер, ырымы қырын кетер» дегенді мен емес, бұрынғылар айтып кеткен, – деп Аю есікке беттеді.

– Аға, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Әкемнің аузын қақпайлай бермесеңізші.

– Сенің қатының да бала табар бұйырса. Бірақ туарын айтпа, тұрарын айт. Әйтеуір Жанбике екеуміздің жолымызды бермей-ақ қойсын сендерге...

Күйіне күңкілдеген бойда қораға інісінен бұрын еніп кетіп еді, бір ешкінің барынша бақырып қалғаны естілді. Шамасы, ағасының жануардың жанына батыра қинап жібергенін аңғарды. «Таз ашуын тырнадан алады» деген осы-ау деп, налыған қалпында күндіз босатып қойған шөпті қораның қабырғасындағы ойығына құшақ-құшақ етіп әкеліп тастай бастады.

Елең-алаңда «құс қанаты» жауып, етік басы көмілердей түсіпті. Малын қорадан шығарып, ертеңгі шайға отырған күйеуіне Жанымбике жанаса бере сыбыр ете қалды.

– Осыдан тұрған соң кетіп қалма. Өзіңе айтарым бар.

– Жаңағы Шәуке келін ертелетіп неге келіпті?

– Айтамын дедім ғой. Орағытпай шыдасаңшы.

– А, орамал шыдамайды дейсің бе, балам? Уағы жеткен соң адам да тозады, – деп Аңламас қарттықтан мүкіс тартқан құлағы шалып қалған сөзді айдалаға бұрып жіберді.

– Айтқаныңдай мұның ортасы жұқарып, сетінеп барады екен.

– Жаңа орамал бар, ата. Енді соны шығарамын ғой.

Қозы-лағын енелерінен бөліп, күркеге кіргізіп жатқаны сол еді, арқан бойы арырақ тұратын Жолбарыс жетсін. Аңламастың бәйбішесі көзі тірісінде әдетке айналдырған ырымы – ертеңгі шайды әр баласына өз отбасында ішуді үйреткен. «Таңғы нәсіп тәңірден» деген, азанда Алла Тағала нәсіп шашады дейді. Сол нәсіптерің өзгенікінен емес, өз дастархандарыңа түссін, – деп келіндерінің құлағына құйып, дағдыландырып еді. Түскі асты бірге ішуге әбден бейімдеп, өзі өмірден өткенше сонысынан айнымаған емес. Шалынан мүшел жас кіші болғандығынан емес, Айғаным кемпір табиғатынан ширақ жаралған жан еді. Кенжесінен, үш бірдей немересінен бір жылдың айналасында айырылып қалғандықтан ба, әлде жұт боларына көрінді ме, әйтеуір кемпір күрт түсіп кетті де, ауырмай-сырқамай бұрнарғы жылы дүниеден озып кете берді.

Інісінің қоршаулы албарға күндегіден едәуір ертелетіп кіріп келгенін көріп, Аю оның сәлемін алысымен тіл қатты.

– Мал өргізуге келдің бе? Әлі ерте. Кішкене күн көтерілсін. Беткей шуақтана шығарарсың.

– Аға, бүгін... ана... деймін де... ана...

– Ей, не болды? Бүйтіп күмілжімеуші едің ғой. Әйтеуір тыныштық па? Айтарыңды шығарсаңшы бері көмекейіңнен.

– Мен Ешкіөлмес жаққа барып қайтам деймін.

– О жақта біреу сарқыт сақтап қойып па? Барарсың жер-аяғы кеңіген соң. Әлде нағашылағың келіп тұр ма?

– Қарабұлақтың маңайында қар қалмаған шығар ендігі. Текеліден жазыққа шыққан соң сәуірде жусан бөртіп, жер бетін сарғалдақ жабушы еді ғой. Бозторғай келген шығар ендігі. Мен барып қайтайын, малды қағыл-қағылға өзіңіз жайып көрерсіз.

– Мынау не деп тұр өзі? Жалғыз биені сен мініп кетсең, мен жаяу сумаңдаған ешкілерді қайырамын деп таңым айырылмай ма? Аты-жөні жоқ аяқ астынан сердебешіл бола қалғанын қарай гөр өзінің...

Анадайда қой, ешкі сауып жүрген Жанбике күйеуінің бір қыңырайса, ырық бермейтін мінезін білетіндіктен, сөзге араласуға бекінді.

– Аю, Аю деймін. Бері келші, келе ғой енді.

– Ой, немене, таң атпастан екеуің екі жақтап маған құштар бола қалдыңдар тегі.

Жанымбике ерінің қылша дертінен балалары бірінің артынан бірі шетінеп кеткелі бері осындай сөзге келмей, шақырайып шыға келетін мінез тапқанына кешіріммен қарайтын болған. Әйтпесе баланың тұңғышы, атасының баласы деп еркелетіп өсіргендіктен, бұрын да онша «қарағым» емес еді. Әншейінде сабырлығынан сырбаздығы басым ерінің ендігі жерде шытынаған әйнектей тырсылдап шыға келетінін ақылмен арнасына түсіруге машықтанған.

– Аюеке, келе ғойшы енді.

Терісіне сыймай жанына барған еріне:

– Байғұс-ау, әлгінде келініңнің келіп кеткен жайын тыңдашы. Келінің жерік көрінеді.

– Е, енді қайтейін сонда? Жерік асы не екен о баланың? – Аю сабасына түсіп, жуаси сөйледі.

Жанбике екеуінің «Құдай оңлап келін бір нәрсе көтерсе, бауырымызға салып алайық» деп келісіп қойғандары есіне түскені қаратты.

– Айналайыныма кеудемізде жанымыз барда жер бетіндегі жорғалаған мен көкте ұшқанның керегін ұстап әкелерміз. Бірақ мына қыс аяғы ұзаққа созылып, көктем әлі ызғарынан арылар емес. Мал ақсыз төлдеп, әбігерге салып жатқаны мынау. Мамырдың ортасынан ауғанына қарамастан әлі құс екеш құс та келмей жатқан жоқ па. Ана ерте қараятын қырдың қоңыр даласы болмаса, өзен бойындағы тал-тоғай да енді-енді бүршік жарғалы тұр.

– Ендеше, ана тарғыл қайнымның (Жолбарысты жеңгелері осылай айтатын) жолын бөгеме.

– Ойбай-ау сонда неге жерік болыпты келін? Айтсаңшы.

– Бозторғайы бола ма, бұлбұлы бола ма, әйтеуір сайрайтын құстың тілі мен көмейін жесем деп аңсап, шыдамай жүр.

– О, сығыр құдай, Балқаштың мекіре балығы немесе қасқыр-қабылан болса бір сәрі. Бұлбұл әлі келген жоқ. Бірақ Ешкіөлместің жусанды үстіртінде бозторғай қалықтайтын мезгіл туды. Ана сенің Тарғылыңның ойындағысы осы екен ғой. Барсын онда.

– Әй, Жолбарыс, бара ғой. Көп кешікпей қайтарсың. Әйтеуір таппай қайтпа.

Аю Үден інісінің төменгі ауылдың бірер баласымен солқылдақ көкталдың жас шыбықтарынан күркешік шарбақ тоқып, ішіне дән шашып, ағаш бұтағына қондыратын да тығылып аңдып жататынын еске алды. Бұлбұл ішіне енгенде маңдайшасына ілініп қойылған ергенегін байлап қойылған жібін тартып қалып, талайын ұстап әкеліп жүруші еді. Біренсаран Аңламас қарт «обал болды» деп кенжесіне босаттырып жіберетін. Бәз біреулері еркіндігін аңсап, торда торығып өліп қалатын. Аю өзінен-өзі мырс ете қалды. Әлгі «Жоқ нәрсенің бәрі қат. Иттің боғы дәрі болса, дарияға тышар» деген осы екен-ау деген ойдан езу тартып еді. Сөйтті де кенет балта, қайрағын ала салып, табанда сарқырап жатқан Қаратал өзенінің талы қалың өскен қапталына тарта жөнелді.

– Әлгінде мекіре балықты аузына бекер алған жоқ. Жолбарыстың келіншегі Шәукені Балқаш бойындағы Бәйшегір руынан түсірген еді. Сондағы Жалайырдың Дәуітбай байдың (Жәлменденің әкесі) жылқышысы Қалымбектің қызы. Ана жылдары Текеліні өрлей жайлауға көшіп бара жатқанда Аңламас екеуі танысып, осында екі-үш күн ерулеген кезінде ерулігін беріп шығарып салған. Аңламастың бәйбішесі Айғаным бір көргеннен «Қалымбектің қызы оңқай асықтай бала екен. Дәм тартып Жолбарысыма серік болса, шіркін» деп сүйсінген де қойған. Кемпірі қайтыс болысымен осы айтқаны есіне түсіп, қасына қара тілдің шешені Қарекені, Жолбарысын ілестіріп барып, құда түсіп қолына қондырған-тын.

Аңламас келінінің дәмелі екенінен бейхабар. Күн арқан бойы көтеріле бере албардағы малды көріп қайран қалды. «Апыр-ау, бұл ұлдар қайда жүр?» Дауыстап шақырмақ болып еді, төменгі өзектен Аю шыға келді. Арқасында бір бума көк шыбық. Шал аң-таң.

– Балам-ау, бұны қайтесің?

Аюда үн жоқ. Қысылып тұрғанын аңғарған әкесі ары қарай қазбаламады. Екі қолын артына ұстап, кейде күн шуақтап отыратын шөп сағырының үстіне барып жайғасты.

(Жалғасы бар)

► К 125-летию САБИТА МУКАНОВА и 105-летию САУРБЕКА БАКБЕРГЕНОВА

Великие люди страны

27 марта в городской библиотеке прошло мероприятие посвященное 125-летию Сабита Муканова и 105-летию Саурбека Бакбергенова. Участие в мероприятии приняли ученики средней школы №3, а также гость из Азербайджана, методист по единоборству Академии спорта Азербайджанской Республики Р. Мамедов.

Сабит Муканов – один из классиков казахской литературы, писатель, общественный деятель. Он возглавлял Союз писателей Республики, был депутатом пяти созывов Верховного Совета, написал множество литературных произведений в различных жанрах. Его труды были изданы далеко за пределами Казахстана.

В возрасте 14 лет юношу увлекла поэзия, и и он начал пробовать создавать первые стихотворения. Вдохновением для него служила родная степь. С 22 лет его стихи и агитационные заметки стали печатать. В 26 лет был издан первый поэтический сборник, молодой человек пробовал себе в прозе. Его талант помогал пропагандировать идеи и поддерживать новую власть. Муканов начал сотрудничать с различными изданиями, параллельно продолжая учиться: Окончив Московский Институт красной профессуры в 1935-м (литературное отделение), он преподавал в Казахском педагогическом институте.

Два раза становился главой республиканского Союза писателей – в середине 1930-х и с 1943-го по 1951-й годы.

Быть писателем в 1930-х годах непросто. Муканову приходилось участвовать в политических играх, чтобы выжить. Так, в 1936 году в «Казахской правде» появилась его критическая статья под названием «Об ошибках писателя Б.Майлина». Но уже в 1937-м та же газета обвинила Сабита Муканова в сотрудничестве с фашистскими шпионами, его исключили из партии. Сабит Муканов смог избежать ареста и уцелеть в период репрессий. После войны он занял активную позицию общественного деятеля, руководил Союзом писателей, пропагандировал мир. Прожил классик казахской литературы 73 года.

Еще в 1920-е годы Сабит Муканов стал одним из родоначальников жанра социалистического реализма в национальной литературе. Параллельно с поэтическими произведениями, в которых он пытался осмыслить судьбу родного народа при новом строе, он писал очерки и короткие рассказы. Писателя интересовало, как индустриализация влияет на жизнь Казахстана, поднимал он тему казахской женщины в новых условиях. Первым произведением на тему женской доли стал рассказ «Асия» (1925). Спустя много лет появился роман «Ботагоз» (1940), который в 1958 году экранизировал режиссер Ефим Арон.

Книги Сабита Муканова переведены на более чем 40 языков мира. Переводами на русский язык занимался писатель Иван Шухов. Сабит Муканов – классик национальной литературы, который писал произведения в различных жанрах, создавал основы казахской культуры XX века. Он проделал трудный путь от пастуха до уважаемого в стране писателя, к мнению которого прислушивался народ.

Для того, чтобы увековечить память выдающегося писателя казахского народа, общественного деятеля Сабита Муканова в 1978 году в Алматы был открыт музей в доме, где он жил и работал в 1965-1973 годах.

В доме-музее хранится более 700 экспонатов. Один из них – туфли Сабита Муканова. В 1990 году их передали родственники писателя из Алматы. В 2017 году музей вошел в карту сакральных мест СКО. С каждым годом внимание посетителей к этому месту неуклонно растет.

Дом-музей состоит из пяти комнат. Здесь можно увидеть рабочий кабинет знаменитого североказахстанца. Есть даже печатная машинка, благодаря которой Сабит Муканов создал большую часть своих произведений.

Саурбек Бакбергенов – казахстанский писатель, публицист, переводчик, народный писатель Казахстана. Он являлся автором около 20 романов и повестей о судьбах известных людей, сыгравших историческую роль в жизни казахского народа.

Саурбек Бакбергенов родился в 1920 году в Созакском районе Шымкентской области. Он воспитывался в Туркестанском детском доме, учился поначалу в Туркестанском железнодорожном, училище, а затем поступил в педагогическое училище, после него окончил учительский институт. В 1939 году был призван в ряды РККА, по окончании Подольского военного пехотного училища участвовал в боях под Москвой в составе 8-й Гвардейской Панфиловской дивизии. Был командиром стрелкового взвода, офицером связи штаба полка.

После демобилизации работал корреспондентом в республиканской газете «Социалистік Қазақстан», в Казахском государственном литературном издательстве.

В 1950 году опубликовал повесть о дважды Герое Советского Союза лётчике Талгате Бигельдинове.

Автор трёх повестей, посвящённых Шохану Уалиханову: «Қоянкөлге құлаған жұлдыз» («Падающая звезда в Коянколе»), «Мен сізді сүйемін» («Я вас люблю»), «Тараз көгершіндері» («Таразские голуби»).

Известны его повести и рассказы, посвящённые событиям Великой Отечественной войны: «Қарға тамған қан», «Алтын күрек», «Адам және көлеңке», «Көлеңке», «Талғат», «Белгісіз солдат», «Жанғожин» и другие. В книжном фонде Текелийской городской библиотеке имеются некоторые его книги как на казахском, так и на русском языках – такие, как: «Ақ боз ару», «Қарға тамған қан», «Жангожин», «Неизвестный солдат», «Разведчик», «След на земле», «Кровь на снегу», «Запасной игрок», «Отец и сын», «Сердце отца».

В конце мероприятия Р. Мамедов отметил, что важно рассказывать молодому поколению о великих людях страны.

► ЗАКОН И ПОРЯДОК

Влечение к азартным играм

Лудомания – это игровая зависимость, патологическое пристрастие к азартным играм. Это означает, что лудоман постоянно вовлечен в игровую активность. В его жизни азартные игры доминируют, отодвигая на задний план дружеские и семейные связи, профессиональную деятельность, любые другие сферы. Поскольку в таких случаях пристрастие к играм перерастает в зависимость, расстройство классифицируется как заболевание, так его рассматривает даже Всемирная организация здравоохранения.

8 июля 2024 года Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал закон по борьбе с лудоманией. Это был важный шаг в борьбе с игорной зависимостью, оказывающей разрушительное влияние на множество семей и отдельных граждан. Полностью закон называется так: «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам игорного бизнеса, лотерейной деятельности, охраны здоровья, государственной инспекции труда, государственного контроля и исключения излишней законодательной регламентации». Законом внедряются ограничительные и стимулирующие нормы, направленные на снижение игровой зависимости населения.

